

Теңіз порты мәртебесін беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 400 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 26 маусымда № 18900 болып тіркелді.

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-41) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Теңіз порты мәртебесін беру қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;
 - 3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Министр

P. Скляр

Қазақстан Республикасы
Индустрія және
инфрақұрылымдық даму
министрінің
2019 жылғы 17 маусымдағы
№ 400 бұйрығымен
бекітілді

Теңіз порты мәртебесін беру қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Теңіз порты мәртебесін беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы

Заңының (бұдан әрі - Заң) 4-бабы 3-тармағының 55-41) тармақшасына сәйкес әзірленген және теңіз порты мәртебесін беру тәртібін айқындайды.

2. Теңіз порты мәртебесі қызметі мен түрі теңіз порты қызметтерін көрсетумен байланысты сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы көліктік инфрақұрылым объектілеріне ұсынылады (бұдан әрі – көлік инфрақұрылымының объектісі).

3. Теңіз порты мәртебесін беру кемелерді өндеу, жүктөрді ауыстырып тиеу және жолаушыларды отырғызу (түсіру), сондай-ақ осы теңіз объектілерінің акваториясында кемелердің жүзу қауіпсіздігінің деңгейін кейіннен арттыру үшін теңіз порттарын есепке алуды жүйелеу бойынша қызметтерді көрсететін, Каспий теңізінің қазақстандық жағалауында сауда мақсатында теңізде жүзу саласында қолданыстағы және құрылып жатқан көлік инфрақұрылымының қызметін реттеу мақсатында жүзеге асырылады.

4. Теңіз порттары жалпыға ортақ пайдаланылатын объектілер болып табылады және түрі бойынша сауда және мамандандырылған (балық, мұнай және басқалар) болып бөлінеді.

5. Теңіз портының аумағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес ұсынылған өзіне жерді, жер участеклерін және теңіз портының акваториясын қамтиды.

6. Теңіз терминалдарының жиынтығы аумақтық қағидат бойынша бір теңіз портына бірігеді.

7. Теңіз көлігі қызметінің мақсаттары үшін теңіз портының жұмыс істеуі сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы шегінде көзделген салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) теңіз порты мәртебесін беру туралы шешімін қабылдаған сәтінен бастап жүзеге асырылады.

2-тaraу. Теңіз порты мәртебесін беру тәртібі

8. Теңіз порты мәртебесін уәкілетті орган береді.

9. Анықталған көлік инфрақұрылымының объектісіне теңіз порты мәртебесін беру туралы шешім қабылдау үшін уәкілетті орган осы объектінің иесіне мынадай ақпараттарды және құжаттардың көшірмелерін енгізу қажеттілігі туралы сұрау салуды жолдайды:

1) теңіз порты объектісінің орналасқан жері, негізгі техникалық сипаттамалары, оның ішінде жүктөрді тиеу және түсіру, жолаушыларды отырғызу және түсіру бойынша оның мүмкіндіктері, кеме қатынасына арналған көрсетілетін қызметтері, кіреберіс жолдарының болуы, навигация кезеңі, өзге де адамдарға жататын өзге де инфрақұрылым объектілерінің болуы;

2) теңіз порты объектілерімен ұсынылатын қызметтер тізбесі;

3) жер участеклерін бөлу туралы жергілікті атқарушы органдар шешімдерінің;

4) объектіні пайдалануға қабылдау актісі;

5) теңіз порты объектісінің заңды мекенжайы.

10. Теніз порты мәртебесін беру, сондай-ақ, осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес құжаттар мен ақпараттарды бастамашылық тәртібінде көлік инфрақұрылымы объектісінің иесі енгізген жағдайда да жүзеге асырылады.

11. Теніз порты мәртебесін беру туралы шешім көлік инфрақұрылымы объектісінің иесінен осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес құжаттар мен ақпараттарды алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде уәкілетті органның бұйрығы түрінде қабылданады.

12. Теніз порты мәртебесін беру туралы шешім қабылданғаннан кейін уәкілетті орган осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының теніз порттарының тізіліміне тиісті ақпарат енгізеді.

Уәкілетті орган теніз порттарының тізілімін өзінің www.miid.gov.kz интернет-ресурсында орналастырады.

13. Теніз порты мәртебесін беру туралы бұйрықтың көшірмесі теніз портының акваториясын қоса алғанда, теніз портының шекарасын айқындау үшін жергілікті атқарушы органға жіберіледі.

Теніз порты мәртебесін
беру қағидаларына
қосымша
нысан

Қазақстан Республикасы теніз порттарының тізілімі

1.	Теніз портының атауы	
2.	Реттік тіркеу номірі	
3.	Теніз портының орналасқан жері	
4.	Теніз портының мәртебесі туралы бұйрығының күні мен номірі	
5.	Теніз портының негізгі техникалық сипаттамалары	
5.1.	Теніз порты аумағының ауданы (гектар):	
5.2.	Теніз порты акваториясының ауданы (шаршы шакырым):	
5.3.	Айлақ саны	
5.4.	Теніз портының айлақтық фронтының ұзындығы(метр бойы) :	
5.5.	Жүк терминалдарының өткізу қабілеттілігі, барлығы (жылына мың тонна) оның ішінде: құятын (жылына мың тонна) күргақ (жылына мың тонна)	

	контейнерлер (жылына жиырма футтық баламамен мың бірлік):	
5.6.	Жолаушылар терминалының өткізу қабілеттілігі (жылына жолауши)	
5.7.	Портқа кіретін кемелердің барынша өлшемдері (шөгу, ұзындығы, ені) (метр)	
5.8.	Жабық қоймалар алаңы (мың шаршы метр)	
5.9.	Ашық қоймалар алаңы (мың шаршы метр)	
5.10.	Мұнайды, мұнай өнімдерін, химиялық жүктөр, құйылмалы азық-түлік жүктөрін, астық жүктөрін сақтауға арналған резервуарлардың сыйымдылығы (мың тонна)	
6.	Теңіз портының навигация кезеңі	
7.	Пошталық мекенжай	
8.	Теңіз терминалдары операторларының, сондай-ақ теңіз терминалдары операторлары көрсететін қызметтердің тізбесі:	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК